

Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 148 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 сәуірде № 4581 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 110 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 31.05.2022 № 110 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин аудандық*

*мәслихатының кезектен*

*тыс сессиясының төрағасы*

*Жангелдин аудандық*

*мәслихат хатшысы*

*Ж. Нұрмұханбетұлы*

*C. Нұргазин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

**Жангелдин ауданының**

**Албарбөгет ауылдық**

**округінің әкімі**

\_\_\_\_\_ О. Биржикенов

Мәслихаттың  
2014 жылғы 28 ақпандагы  
№ 148 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Жангелдин ауданының  
Албарбөгет ауылдық округінің жергілікті  
қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары  
екілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекенниң атауы	Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінің ауыл тұрғындары екілдерінің саны
1	Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінің Көкалат ауылы	5
2	Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округінің Көлқамыс ауылы	2

Мәслихаттың  
2014 жылғы 28 ақпандагы  
№ 148 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Жангелдин ауданының  
Албарбөгет ауылдық округіндегі бөлек жергілікті  
қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Укіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Жангелдин ауданының Албарбөгет ауылдық округі (бұдан әрі – Албарбөгет ауылдық округі) ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 18.05.2017 № 95 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Албарбөгет ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау максатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Албарбөгет ауылдық округінің әкімі шақырады.

Жангелдин ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Албарбөгет ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуіді Албарбөгет ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Албарбөгет ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Албарбөгет ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Албарбөгет ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Албарбөгет ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 18.05.2017 № 95 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Албарбөгет ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.